



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Тамара Мұфтахқызы Жүсібалиева
«Отбасында балалар дүниеге келсін»

АЙДАРЫМЫЗДЫҢ ҚОНАҒЫ

Мухаббат Яхярова
«Жақсы көретін нәрсені істеу – бұл еркіндік!
Істеген нәрсені жақсы көру – бұл бақыт!»



ИРМ


*Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины
делает уверенные шаги навстречу новым
технологиям, чтобы каждая семья в нашей
стране имела возможность стать по-настоящему
счастливой и полноценной*

ИНСТИТУТ РЕПРОДУКТИВНОЙ МЕДИЦИНЫ

приглашает молодых и здоровых женщин и мужчин для участия в программах лечения бесплодия в качестве суррогатных мам, доноров яйцеклеток и спермы

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- возраст от 20 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие психических, соматических и генетических заболеваний;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- отсутствие отклонений в нормальных антропометрических и фенотипических признаках;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ШКОЛА ЭКО

Уважаемые пациенты! Рады сообщить вам, что возобновлена деятельность школы ЭКО.

Цель Школы – подготовка пациентов перед консультацией репродуктолога, полное информирование о методах вспомогательных репродуктивных технологий, а также о гистеролапароскопии.

Школа ЭКО – это лекция в формате интерактивного урока.

Занятия для пациентов ИРМ проходят на бесплатной основе по предварительной записи.

Расписание Школы ЭКО:

Ежедневно,
по будням.

Место проведения –

конференц- зал, каб. 206, 2 этаж
Преподаватель -
Шахнович Филипп Евгеньевич

Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

+7 (727) 234-34-34; +7 (727) 234-37-37

Институт репродуктивной медицины

Алматы, ул.Толкаева, 99, уг.ул. А.Байтурсынова

www.irm.kz

Ұйымдық басылым

№1, (17), наурыз, 2017

Бас редактор

Тамара Жүсібадиева,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры

Шығарушы редактор

Айгүл Бәсен

Дизайн, беттеу

Любовь Рык

Меншік иесі: «РМИ» мекемесі**Редакция мекен-жайы:**

Алматы, Төле би, 99

Жарнама бөлімі:

Ольга Ли
(lee.olga@irm.kz)

www.irm.kz

Баспахана сында басылған

ТОО «Манхэттен Принт»

ҚР, Алматы қ., Кочина, 4,

Тел.: +7 (727) 328 97 43

Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою
туралы №14607-Г 31.10.14нен күәлігі
ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен
берілген

Редакция авторлардың ойын арқаш-
анда қолдай бермейді. Жарнаманың
мазмұны үшін жарнама берушілер
жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ
тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік
құралдарды және медициналық мақ-
саттағы бұйымдардың жарнамасы
үшін жауапкершілік туралы ескертіл-
ген. Материалдарды қайта басып шы-
ғарғанда "IPRM INFO" сілтеме жасау
міндетті түрде қажет.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Алдыңызда осы жылдың алғашқы
және арнайы көктемгі - журналының
басылымы. Алда екі негізгі көктем
мерекелері келе жатыр - 8 наурыз
әсемдік пен сұлулық мерекесі, және
Наурыз мейрамы –барлық Шығыс
халықтарының бірлік, бейбітшілік,
мейірімділік пен бақыт мерекесі.

Заманауи әйелдердің рөлдері көп –
әйел, жасампаз, шаңырақты сақтау-
шы бола тұра, мүлдем басқа,
бастапқыда еркектерге арналған
қызмет аясында табысты кәсіпқой
маман болып келеді. Табиғат жер
бетінде өмірді жалғастыру ұлы миссияны әйелге жүктеген, және Ана рөлі - бұл
әйелдің негізгі рөлі болып табылады!

Көктемде табиғат оянып, жаңа өмір басталып, ояну мен жаңару кезінде, біздің
емделушілеріміздің – бақытты ата-ана болу басты арманы орындалады деп үмітте-
неміз! Мен Репродуктивтік медицина институты қызметкерлерінің көпшілігі – қыз
келіншектер екенін атап өтуге қуаныштымын, олар емделушілердің осы арманын
жүзеге асыру үшін және көптен күткен сәбилердің дүниеге келуіне күн сайын жоғары
кәсіби деңгейде барлық күш-жігерін салып көмектеседі.

IPRM ұжымы барлықтарыңызды келе жатқан мерекелермен құттықтайды және
Сіздерге достық, келісім мен ынтымақтастықты тілейді. Осы жарқын мерекелер біздің
халқымызға бейбітшілік, үлкен отбасылық бақыт пен құт-береке әкелсін!

Және, әрине, irm.kz сайтына және Facebook-тағы біздің парақшаға кіруді ұмытпаңыз-
дар, Сіз ол жерде барлық сұрақтарға жауап ала аласыз және соңғы жаңалықтарды
біле аласыз. Бізді қуана сүйсініп оқыңыздар!

**Жүсібадиева
Тамара Мұфтахқызы,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры**

*Киіз кілемде,
Шаңырақтың астында
Мерекелік дастарханға
Қариялар мен жастар жиналды.*

*Бүкіл халық қуанып,
Домбыраның дыбысы ән салады.
Көктемгі жаңа жылы
Тек жақсылық тілейді.*

*Үйлер жасалған,
Бай дастархан.
Еліміз - бір отбасы,
Гүлденген Қазақстан.*

*Тағамдардың басы көже
Кесемен қымыз ішіп.
Барлықтарыңызға бақыт тілейміз!
Наурыз мейрамымен!*



ОТБАСЫНДА БАЛАЛАР ДҮНИЕГЕ КЕЛСІН



Жүкті болу мәселесі соңғы жылдары көп жұптар үшін аса маңызды болып табылады. Себептері көп: қолайсыз экологиялық жағдай, аз қозғалысты және отырықшы өмір салты, дұрыс тамақтанбау және т.б. Қазіргі заманғы медицина осы бағытта әлдеқашан секіріс жасаған және осындай жұптарға ЭКО-ның көмегімен жүкті болуды ұсынады, бұл дүние жүзінде ең тиімді бедеулікпен күресу тәсілдерінің бірі ретінде танылған. Сондықтан, осы бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінеді.

ЭКО бағдарламасын жүргізу үшін мемлекеттік квотаны қалай алуға болатындығы туралы Репродуктивтік медицина институтының директоры Жүсібалиева Тамара Мұфтахқызы айтып берді.

- Тамара Мұфтахқызы, экстракорпоральды ұрықтандыру тақырыбы қазіргі уақытта біздің елімізде өте өзекті болып табылады және бедеу ерлі-зайыптылар үшін ЭКО қажеттілігі жыл сайын артып келеді. Қазақстанда қосалқы репродуктивті технологияларды пайдалана отырып қазақстандықтарға бедеулікті емдеу қолжетімділігін арттыру үшін қандай шаралар қабылданауда, айтып беріңізші?

- Бедеулік маңызды медициналық-әлеуметтік проблемалардың бірі болып қалуда, оны жеңу - бұл елдің демографиялық бағдарламасын жүзеге асырудағы үлкен үлес болып табылады. 17 млн. аса тұрғындар өмір сүретін Қазақстан аумағында бедеулік, басқа елдерге қарағанда сирек емес кездеседі. Қазіргі уақытта, Қазақстанда бедеу неке жиілігі, түрлі деректерге сәйкес, ерлі-зайыптылар жұптарының жалпы популяциясында 12-ден 15,5% дейін тұрақсызданады. Статистикаға сәйкес, 160 мың жас адамдар жыл сайын некеге отырады, олардың ішінде 20 мың жұп бедеу. Сан өзгеріссіз қалуда, елдегі жағдайды жақсарту немесе нашарлату бойынша нақты прогресс байқалмайды.

Осыған мұқтаж көпшілік үшін ҚРТ қол жетімділік мәселесі бойынша Қазақстан алға жылжыды. Бедеуліктің түрлі

нысандарын емдеу тәсілдері айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, емдеу тиімділігі айтарлықтай өсті, емдеу еліміздің бүкіл халқына қолжетімді болды. Репродуктивті технологиялардың, заманауи фармакологияның және репродуктивтік хирургияның қарқынды дамуы бедеуліктің ең күрделі түрлері кезінде жүкті болу ықтималдығын өсірді. Қазақстанда қазірдің өзінде ҚРТ әдістерінің көмегімен 12 000 астам бала дүниеге келді. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2010 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде ҚРТ бағдарламаларын жүзеге асыруды бастады. Мемлекеттік бағдарлама қазірдің өзінде көптеген жұптарға ата-ана болуға көмектесті және жыл сайын бөлінген квоталар саны артып келеді. Мемлекеттік квоталар саны соңғы 6 жылда 8 есеге өсті деп айтуға жеткілікті. Егер 2010 жылы 110 отбасы ТМККК шеңберінде ЭКО бағдарламасын жүргізуге квота алған болса, онда 2016 жылы олардың саны 800 дейін өсті. 2010-2016 жылдар кезеңінде ТМККК шеңберінде 2610 табысты жүргізілген бағдарламалардың нәтижесінде бұрын қаржылық мәселелерге байланысты немесе тіпті бұл қымбат емдеуді өтуінен және мүмкін емес болған отбасында 1000-нан астам бала дүниеге келген. Елге әкелінетін медициналық препараттар мен жұмсалатын мате-

риалдардың құнының өсуі ЭКО қызметінің құнының артуына әкелді, және ЭКО қызметін көрсету үшін мемлекет тарапынан жұмсалатын бюджет қаражатының сомасы өсті. Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламаның үлкен артықшылығы, бір хаттамаға жеткілікті ақша бөлінеді, осының арқасында ТМККК шеңберінде ЭКО бағдарламаларын орындау кезінде кез келген ынталандыру схемасын жүргізуге, эмбриологиялық рәсімдердің барлық спектрін қолдануға болады: ИКСИ, ПИКСИ, ИМСИ, ESCO MIRI-TL.

- Өзінің жоғары көрсеткіштерінің және лайықты беделінің арқасында Репродуктивтік медицина институты ТМККК шеңберінде мемлекет тарапынан бөлінген циклдардың ең көп санын алады.

Айтыңызшы, мемлекеттік квота шеңберінде ИРМ-да қанша ЭКО бағдарламалары жүргізілді және олардың нәтижесі қандай?

- Қазіргі уақытта, ИРМ-да 2011-2016 жылдар кезеңі бойынша, мемлекеттік тапсырыстың 40% жүзеге асырылуда. Біз ЭКО-ның 1177 квоталық бағдарламаларын жүзеге асырдық, жүкті болу жиілігіндегі тиімділік 57% құрады, «take home baby»- нәрестенің дүниеге келуі - түпкілікті нәтижеге бағытталған ЭКО бағдарламасының тиімділігі 38,3% құрады. Бұл жоғары көрсеткіш болып табылады, осы өлшем бойынша біз ең үздік американдық және еуропалық орталықтардан кем түспейміз. Ұқсас нәтижелерді ең алдымен репродуктивтік медицина мәселелерінде клиниканың кең тәжірибесімен, дәрігерлердің кәсібилігімен, сондай-ақ бедеулікті емдеуде тиімділігі жоғары көрсеткіштермен байланыстырамын, осының барлығына нарықта 20 жылдан астам уақытта қол жеткіздік. Біздің мақсатымыз - ИРМ-ға келген барлық науқастардан жүктіліктің ең көп санын алу. ТМККК шеңберінде біз зерттеулер мен емдеудің толық көлемін жүргіземіз, нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық мүмкіндіктерімізді пайдаланамыз.

- Тамара Мұфтахқызы, ТМККК бағдарламасы бойынша ЭКО-ға жолдама алудың схемасы қандай? Ерлі-зайыпты жұптар ИРМ-да тегін ем алғысы келсе неден бастау керек?

- Қалыптасқан пікірлерге қарамастан, ЭКО-ға квота алу өте оңай. Мемлекеттік бағдарлама бойынша ЭКО-ға квота алу үшін ең алдымен, тіркелген жеріндегі Әйелдер консультациясына бедеулік бойынша есепке тұру қажет. Зерттеу нәтижелері бойынша дәрігер диагноз қояды, және ол диагноз белгіленген өлшемдерге сәйкес келсе онда науқасқа жергілікті денсаулық сақтау

органына жолдама береді, бұл орган ТМККК шеңберінде ЭКО бағдарламасына қатысушы емдеу мекемелеріне таратуды жүзеге асырады. Басқарма емделушінің медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын есепке ала отырып, ЭКО бағдарламасын жүргізу үшін ТМККК шеңберінде ЭКО-ны жүргізу бойынша медициналық қызмет көрсетуге мемлекеттік тапсырыстары бар клиникаларға бедеуліктен зардап шегіп жүрген адамдарды жіберу туралы комиссиялық шешім қабылдайды. Қазақстанда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ЭКО бойынша медициналық қызметтерді «ЭКО» Орталығы (IPRM) және Алматы қаласындағы «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы», Астана қаласындағы «Ана мен бала Ұлттық ғылыми орталығы» және «Астана Ecolife» МО, Тараз қаласындағы «Неке және Отбасы» МО ұсынады. Егер, IPRM-да тегін ем алуға ерлі-зайыптылардың ниеті болса, онда тұрғылықты жеріндегі Әйелдер консультациясында бедеулік бойынша есепке тұрғаннан кейін, IPRM-ның репродуктолог-дәрігерінің консультациясына және қарауына жазылу керек, ол жерде Дәрігерлік комиссиядан өтеді. Оң шешім қабылданған жағдайда, науқасқа Дәрігерлік комиссияның хаттамасы беріледі, ол әрі қарай квота алуға кезекке қою үшін Әйелдер консультациясына беріледі.

- Айтыңызшы, ТМККК шеңберінде ҚРТ бағдарламаларын жүргізу үшін қандай аурулар көрсетім болып табылады және қандай жағдайлар кезінде квота бойынша ЭКО орындала алмайды?

- Әрине, квота бойынша ЭКО-ға жұп таңдаудың өзінің шектеулері бар, өйткені мемлекет барынша әсер күтіп, қаражат бөледі.

ТМККК шеңберінде экстракорпоралдық ұрықтандыру барысында мыналар көрсетулер болып табылады:

1) әйел бедеулігі, түтік-перитонеальдық факторы салдарынан (жатыр түтіктерінің болмауы немесе екеуінің де өтпейтіндігі, соңғысы гистеросальпингографиямен және / немесе диагностикалық лапароскопиямен расталған соңғы);

2) ер бедеулігінің (олиго, asteno, teratozoospermia) ауыр нысандары. Сперматогенез көрсеткіштері: Эякулят көлемі 0,5 мл-ден кем емес, pH 7.2-7.8, эякулятта сперматозоидтар жалпы саны 500 мың /мл, белсенді қозғалатын 25% кем емес, морфологиялық қалыпты формасы (Крюгерқатаң критерий арқылы) 2% -дан кем емес.

ТМККК шеңберінде ЭКО бағдарламасын жүргізу үшін қалыпты соматикалық, эндокриндік мәртебесі бар, сонымен қатар қалыпты аналық без резерві бар репродуктивтік жастағы науқастар жолданады. Төмен аналық без резерві квота бермеуге фактор болып табылады. Сондай-ақ кез келген жерде орналасқан қабыну аурулары, туа біткен даму кемістігі немесе немесе кейіннен пайда болған жатыр қуысының деформациялары, соматикалық және психикалық аурулар, аналық без ісіктері, жатырдың зарарсыз ісіктері, қатерлі ісіктер және азооспермия.

- ЭКО-ға квота алуға науқастар үшін жасына шектеу бар ма?

Атап өту керек, 2012 жылы бағдарламаға қатысушылар үшін жасына қойылған шектеулер алынып тасталды. Бұған дейін, ЭКО-ға квотаны 35 жасқа дейінгі әйелдерге алуға рұқсат етілген. Енді репродуктивтік жастағы барлық әйелдерге ЭКО рәсімдерін алу үшін өтініш беруге болады. Оларға қойылатын бір талап аналық без резерві сақталу керек. Жасы үлкен болған сайын, аналық без резерві азайып, бағдарламаның тиімділігі төмен болады. Бұл аналық бездеріндегі жұмыртқалардың болуын, сондай-ақ олардың пайдалылығын сипаттайтын көрсеткіш болып табылады.

- Науқастың жасы айтарлықтай аналық без резервінің төмендеуіне әсер тигізгендіктен, көптеген әйелдерді ТМККК шеңберінде донорлық жұмыртқа пайдалану мүмкіндігі қызықтырады, ол қарастырылған ма?

- Жоқ, квота шегінде донорлық жұмыртқа пайдалану қарастырылмаған.

- ЭКО циклінде квота бойынша не төленеді, және науқас өзі нені төлеуге тиіс?

- Квота есебінен науқасқа бүкіл медициналық процесс төленеді: дәрігердің қабылдаулары, бірінші консультациядан бастап жүктілікті диагностикалаумен аяқталады, сондай-ақ барлық рәсімдер мен қажетті дәрі-дәрмектер төленеді. ТМККК шеңберінде бедеулікті емдеу бағдарламасына енгізілмеген (мысалы, эмбриондарды криоконсервациялау, босануға дейінгі бақылау) сияқты қосымша қызметтерге науқастар өздері төлейді. Сондай-ақ, пациент квотаға жолдама алу үшін тұрғылықты жері бойынша тексерулер өтеді.

- Егер ЭКО бағдарламасы сәтті аяқталмаған жағдайда, және нәрселі болмаған жағдайда, науқастың қайтадан квота алуына мүмкіндігі бар ма?

- Мемлекеттік бағдарлама ЭКО әрекеттерінің санына шектеу қоймаған, бірақ, әрбір жаңа әрекетіне науқас жаңа жолдама алуы керек, ол жолдама жылына бір рет беріледі. Жаңа жолдама беруге шектеу тек медициналық қарсы көрсетулер тарапынан болуы мүмкін.

- ЭКО – бұл әрқашанда үміт, ал көптеген ерлі - зайыптылар үшін - жалғыз үміт. Айтыңызшы, Сіздің ойыңызша, бағдарламаның сәтті аяқталуы неге байланысты?

- Бағдарламаның сәтті аяқталуы науқастың жеке көрсеткіштеріне және белгілі бір факторлардың жиынтығына байланысты. Егер науқас гистероскопияны қоса алғанда, толық тексеруден өтсе, жақсы аналық без резерві бар болса, күйеуінде көрсеткіштер қалыпты деңгейде болса, екеуі де генетикалық тестілеуден өтсе, онда жүктілік бірінші әрекеттен болады. Жүкті болмаған жағдайда қосымша зерттеулер жүргізіледі, ынталандыру схемасы және эмбиологиялық хаттама өзгереді. Нәтижесінде, сол қалаған жүктілік орын алады. Жылдық есеп қорытындысы бойынша, квота бойынша бағдарламаның тиімділігі 57% -ға жетті. Бұл көрсеткіш квота бағдарламасы үшін науқастарды мұқият іріктеуге тікелей байланысты болып табылады. Қалған науқастарға келетін болсақ, әдетте, ол, гормон статусының бұзылыстары, төмен аналық без резервімен, эндометриозы бар, және диагнозы қиын науқастар болып табылады. Алайда, тіпті осы топтағы науқастарда, біз 46,8% жүктілік алдық. Репродуктивтік медицина бір орында тұрмайды, біздің өмірімізге көп жаңа нәрселер алып келеді, соның ішінде біз IPRM-да табысты қолданатын жаңа медициналық технологияларды, демек, адамдарға ата-ана бақытына қол жеткізуге үміт береміз.

- Әңгімеңізге рахмет!





ИРМ

Сұхбат



- Талғат Қапұлы, Сіз ИРМ-ның ғылыми және білім беру қызметін қалай сипаттап бере аласыз?

ҚРТ саласындағы ғылыми орта – инновациялық технологиялар мен бақытты отбасылар арасындағы делдал болып табылады. Сондықтан ИРМ репродуктивтік медицина саласындағы ең соңғы шешімдерді енгізу өзінің приоритеті деп санайды және клиниканың әлеуметтік бағыттылығы ИРМ мамандарының өз тәжірибесін әріптестеріне беруге талпынумен көрсетіледі. ИРМ дәрігерлері оқытушылар-тәлімгерлер ролінде шығады. Бұл әрекетті орындау үшін, олар үнемі біздің еліміздің және әлемнің басқа да елдерінің үздік клиникаларында білім алады, әрдайым өз шеберліктерін шыңдайды.

ИРМ-ның кафедрасында білім беру және ғылыми бағдарламасы құрастырылды, ол ғылым мен практиканың арасындағы тығыз байланысты, медициналық мақалалар мен кітапшаларды жариялауды, біздің елімізде және шетелдегі конференцияларда, съездерде, симпозиумдарда сөз сөйлеулерді, Қазақстан Республикасында мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді: акушер-гинекологтарды, гинеколог-эндоскописттерді, репродуктолог дәрігерлерді, эмбриологтарды, ультрадыбыстық және функционалдық диагностика дәрігерлерін, эндоскопия саласында жұмыс істейтін мейірікелерді. Қазіргі уақытта ҚРТ бойынша қазақстандық мамандардың 95% ИРМ-де бастапқы дайындықтан өткенін атап айтқым келеді.

ИРМ репродуктивтік медицина отандық қауымдастығының (ҚРМҚ), Қазақстанның гинекологтар – эндоскопистер қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы болды, сондай-ақ толық мүшелікке ие болды, және ҚРТ саласындағы әлемдегі ең ірі ұйымдардың мүшесі болды, ESHRE- репродуктивтік медицина және эмбриология бойынша Еуропалық қоғамы және ASRM-репродуктивтік медицинаның Америкалық қоғамы сияқты.

ИРМ корпоративтік философиясының негізгі принциптерінің бірі тұрақты кәсіби өсу және мамандардың жаңа буынына білім берудің үздіксіз процесі болып табылады. 2008 жылы ИРМ-ның базасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кафедрасы ашылды, қазір репродуктивтік медицина саласында жұмыс істейтін мамандарды оқыту және тәжірибеммен алмасу үшін бірегей алаңына айналды.

ИРМ-ның ғылыми-білім беру жұмысы жөнінде және 2017 жылға жұмыс жоспарлары туралы ИРМ-ның ғылым жөніндегі директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, акушер-гинеколог дәрігер Құдайбергенов Талғат Қапұлы әңгімелеп берді.

- ИРМ кафедрасы қандай тақырыптық оқыту циклдарын ұсынады және оқыту процесі қалай ұйымдастырылған?

Тақырыптық циклдар акушерлік және гинекологиядағы диагностикалық әдістерді, эмбриология аспектілерін, жоғары репродуктивтік технологияларды, жүктілікті жүргізуді қамтиды. Дәрістер теориялық жағынан лекциялар, семинарлар, пікірталастар мен талқылаулар түрінде, сондай-ақ практикалық аспектіде өткізіледі. Кафедра шеңберінде эндовидеохирургия және эмбриология бойынша екі оқу сыныптары ұйымдастырылды, және соңғы арнайы оқу жабдықтармен жабдықталған. Сонымен қатар, операциялық бөлмеден ИРМ -нің оқу сыныптарына сияқты, Қазақстанның барлық өңірлері мен әлемнің барлық елдеріне тікелей трансляциялау мүмкіндігі қамтамасыз етілген. ИРМ-ның оқу бөлмелері арнайы тренажерлармен жабдықталған, олар белгілі дағдыларды үйренуге көмектеседі.



Циклдарды жоғары біліктілік санаты бар тәжірибелі мамандар, медицина ғылымдарының докторлары және кандидаттары, тәжірибелі медбикелер жүзеге асырады. ИРМ-ның базасында ғана емес, сондай-ақ біз Қазақстанның өңірлерінде оқу циклдерін ұйымдастырамыз.

- Осы жылғы ИРМ кафедрасының жұмыс жоспары туралы айтсаңыз?

2017 жылы тақырыптық циклдар саны айтарлықтай өседі. Дәрігерлер мен мейірікелер үшін біліктілігін арттыру бойынша 11 тақырыптық циклдар жүргізу жоспарланған, ал соңғы жылдары репродуктология, эмбриология және гинекологиялық эндоскопия бойынша 5 цикл өткізілген.

Тақырыптық циклдар санының өсуі ИРМ-ның материалдық – техникалық базасының жақсаруына, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, тәжірибе жинақтауына, науқастарды диагностикалау және емдеу нәтижелерінің жақсаруына байланысты.

Сондай-ақ, 2017 жылы Қазақстан гинекологтар-эндоскопистер қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, эндоскопия бойынша конференциялар өткізу, ҚРМҚ мен РАРЧ конференцияларына қатысу жоспарланып отыр.

ИРМ-ның «Бедеу жұптарды диагностикалау мен емдеу бойынша қосалқы репродуктивтік технологияларды әзірлеу» ғылыми бағдарламасы 2017-2018 жылдарға ресімделген, бұл бағдарлама медицина және биология ғылымдарының 3 докторымен және 6 кандидатымен, сондай-ақ жоғары санатты 16 дәрігермен орындалуда.

Ғылыми-зерттеулер бірнеше жолмен жүзеге асырылатын болады: 1) бедеулікті диагностикалау және емдеу бойынша қосалқы репродуктивтік технологиялар бағдарламаларын іске асыру бойынша өткен тәжірибені бағалау 2) практикалық медицинаға енгізу үшін медициналық, әлеуметтік және экономикалық тиімділігін бағалау арқылы бедеу жұптарды диагностикалау мен емдеуді жақсартуға жаңа инновациялық технологияларды әзірлеу. Бағдарламада мақсаты, міндеттері, ғылыми және практикалық маңыздылығы, зерттеу әдістері анықталған.

- Талғат Қапұлы, әңгімемізді аяқтап, Сіздің оқырмандарға деген тілектеріңізді естігіміз келеді.

Құрметті әйелдер! Сіздерді 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Кәсібіме байланысты, әйелдерге денсаулығын қалпына келтіруге және ана қуанышын сезінуге әрдайым көмектесуге тырысамын! Аяулы әйелдер ауырмаңыздар! Сіздер болмасаңыздар әрдайым қиын, қызықсыз және ыңғайсыз! Ерлерге сұлулық сұлаңыздар, нәзік және сүйікті болыңыздар, отбасында амандық болсын және балалардың күлкісі кетпесін! ИРМ-ның мықты командасы Сіздерге ата-ана болу бақытымен жүзеге асыруға көмектеседі!



ЖАҚСЫ КӨРЕТІН НӘРСЕНІ ІСТЕУ – БҰЛ ЕРКІНДІК! ІСТЕГЕН НӘРСЕНІ ЖАҚСЫ КӨРУ – БҰЛ БАҚЫТ!

Бүгінгі санымыздың қонағы Репродуктивтік медицина институтының ерекше емделушісі. Мухаббат Яхярова - эмбриолог, кәсіби маман бола тұра ана мен әйел. Ол келісімді сақтауды және өмірдің барлық салалары арасындағы тепе-теңдікті табуды дәл біледі. Жақсы әзіл сезімімен, көпшіл, біздің қонағымыз әр түрлі және күтпеген сұрақтар қоюға ниет оятады, өзімізде солай жасадық.

- Біздің рубрикамызда әңгімелесу үшін дәстүрлі болуға барлық мүмкіндігі бар сұрақтан бастайық - Ана болуға Сіздің жолыңыз неден басталды?

- Ана болуға менің жеке жолым жеткілікті ұзақ болды. Қазір бұл процестің факторлары мен себептерін түсінуге болады. Бұл қарапайым өмір әңгімелерінің шексіз санының бірі, оны біз уақыт өте түсінеміз деп ойлаймын. Тек өзіңнің. Өкінішке орай, оны тану үшін және тиісінше оның бастапқы сатысында ақылға қонымды жоспар құру үшін ешқандай рецептер жоқ. Бірінші «қиындататын фактор» бәлкім, отбасында өзім кеш туылып ең кенжесі болғандықтан шығар. Ал туғаннан бері мені жақындарымның қамқорлығы және қорғаулары қоршады. Қазақтар: «Кенже бала - Ерке бала» деп айтады. Мұндай жағдайларда, баланы оқшаулау оның әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын әлсіретеді. Оған сыртқы ұжымда өзін-өзі бекіту үшін көп уақыт талап етіледі. Менің жағдайымда, мен ұзақ уақыт кәсіби карьерамен және өзін-өзі бекітумен айналыстым. Белгілі, бәлкім генетикалық перфекционизм өзіне және басқаларға деген үлкен талаптарды жандандыруға ықпал етті, бұл әрқашан жеке өмір үшін қолайлы емес болып табылады. Осы кезеңнен өтіп отбасын құрған соң, мен табиғи жолмен бала көтеру мүмкіндігі шекарасында болдым. Бақытыма орай, менің мамандығым мен ұзақ уақыт жинақтаған білімім, ЭКО әдістеріне саналы және рационалды қарауға мүмкіндік береді.

Алайда, ана болу туралы менің кешіккен шешіміме байланысты табиғат бұл жерде де «жеке тосын сый» дайындады. Бірінші бағдарлама сәтсіз болды, жасанды ұрықтандыру сәтсіз аяқталды. Ұзақ уақыт іздеулер мен талдаулар болды. Бала көтергенше және ана болғанша бағдарламаның қателерін бірнеше рет анықтауға тура келді.

- Мүмкін Сізге, маман ретінде, күн сайын жұмыста ғажайып ұрықтандыруды көріп, барлық мүмкіндіктерін түсініп, ЭКО жасату шешімін қабылдау оңайырақ болған шығар, дайындалмаған емделушіге қарағанда?

- Алғашқы ЭКО бағдарламасына дайындалған кезде, ең бірінші әкімшілікті хабардар ету болды, есімде, мен осыны жариялаған кезде, бірінші маған қойған сұрақтары мынандай болды: қандай көмек қажет? Мен күшті эмоциялық сәтті басымнан өткіздім, өйткені күтілген қиын сұрақтардың орнына мен көмек туралы ұсыныс алдым. Ол жетістікке жету үшін алғашқы қадам болды деген сенімдемін, өйткені мені ИРМ-ның базасын пайдалану мүмкіндігі ғана емес әкімшілік пен қызметкерлердің адамгершілік қолдауы шабыттандырды. Бұл айтарлықтай шабыттандырды. Және алғашқы сәтсіз болған бағдарлама, мен үшін үлкен тосын сый болды. Бірнеше мұздатылған эмбриондардың бар болуы маған шамалы тыныштық беріп отырды, және олар салыстырмалы жақсы сапалы болды. Алайда, кейінгі эмбриондарды жібітіп көшіріп салу бағдарламалары да сәтсіз болды, жүк-



тілік орын алмады.

- Бірнеше сәтсіз болған әрекеттерден кейін, Сіз бағдарламаны өзгертіңізбе?

- Сәтсіз болған әрекеттерден кейін бірінші қорытынды - бағдарламаның келесі сатыларында тәртіп пен жауапкершілікті арттыру болды. Біз жұбайымыз екеуіміз өзіміздің бағдарламамызды әзірледік, ол ЭКО бағдарламасына қатысты қажетті құжаттарды дайындаудан басталады және егжей-тегжейлі зерттеулермен және талдаулармен аяқталады. Яғни, нәтижелі болуын қамтамасыз ету мақсатында, бұл тәсіл кейінгі іс-шаралардың сыни талдауын жүргізуге мүмкіндік береді.

- Барлығы қанша бағдарлама және Сіз оң нәтиже алғанша қандайларын өттіңіз? олардың қайсы бірі жеңісті болып шықты?

- Мен, жасанды инсеминация бағдарламасын, табиғи циклдардағы ЭКО, ын-таландырылған циклдардағы ЭКО және сондай-ақ ИКСИ пайдалана отырып, барлығын қосқанда 8 бағдарлама өттім. Әрбір сәтсіз әрекетке егжей-тегжейлі талдау жасалды. Қателіктерді іздеу және оларды шешу жолдарын әзірлеу қажет болды. Кеш жүктіліктің барлық салдары мен қиындықтарын басымнан өткіздім деп айтуыма болады. Маман ретінде менің ойымша, бұл ооциттың ұрықтану және эмбрионның даму про-





цесінің көптеген физиологиялық және биологиялық әффеқтілерімен жүреді деп айтуға болады. Егер Сіз табиғи жолмен бала көтеру бойынша проблема бар екенін түсінсеңіз, ЭКО клиникасына мүмкіндігінше ертерек келіңіз. Ал соңғы бағдарлама - жеңісті болды, әрине, мен шексіз ризамын. Бірінші ЭКО бағдарламалары сәтсіз болғанда берілмеуіміз керек екеніне бәлкім, бұл менің мысалым шығар.

- Сіздің жұмыртқаклеткаларыңызды ұрықтандыру кезінде қатыстыңызба? Жасушалар деңгейінде болса да, бәлкім болашақ нәрестенің дамығанын көру толқытатын шығар?

- Жұмыртқаклеткаларыма ұрықтандыруды өзім жүргіздім, өйткені алғашқы сәттен бастап қатысқым келді. Машықтанушы эмбриолог үшін эмбрионның дамуын көру әрқашан қызықты, ол әрқашан сезімтал сәт болып табылады. Ал, мен үшін менің тегім жазылған, эмбриондарым бар кесені көру ерекше болды. Қазір есімде, эмбриологтармен бірге менің эмбриондарымды көргеніміз. Кезекпен, уақыт бойынша, басқа емделушілердің эмбриондарымен бірге. Тегімді айтып, эмбриондарым бар кесені алған кезде, мен әріптестерімнің жақсы күлкісін көретін едім. Әрине, өзімнің эмбриондарымды бірінші кезекте көргім келетін еді, бірақ барлық емделушілер үшін бірдей ережелер бар. Яғни, жеке қызығушылықпен, сондай-ақ екінші эмбриологтың бақылаусыз инкубаторды ашуға болмайды.

- Жүктілік туралы қандай сезімде болдыңыз?

- Мен стандартты емес ана екенімді түсінетін шығарсыз. Бұл айқынғой, қарапайым емделуші-әйел көруге

қол жеткізе алмайтын нәрселерді мен көріп уайымдаймын. Ұрықтандыруға өз қолыммен ынталандыратын жалғыз бір жасушадан бастап өз нәрестемді көремін. Мен осы бүкіл процесті көремін, сезінемін. Мен әдемі бластоцитті «көре аламын», және оған ән айта аламын, яғни мен жүктілікке дейін әлі туылмаған нәрестеммен сөйлесе аламын. Мен оны қолыма алып тербете алмаймын, бірақ оны көз алдымда көріп сезімдерім арқылы еркелете аламын. Мен үшін жүктілік – маған, менің жүрегімнің астына эмбрионның логикалық және жоспарланған көшуі. Мен ойыммен оны қарсы аламын, және «бұл сенің жаңа үйің, ал мен сенің анаңмын» деп айтамын. Қазір өткенді есіме алып, қайтардан сол ғажап сезімді сезініп отырмын, жаңа өмірдің туылуын, менің ішімдегі нәрестені. Мен барлықтарыңызға осы сезімді сезінуді және ана қуанышын тілеймін. Бұл табиғат бізге сילהан керемет сезім.

- Мухаббат, Сіздің жүктілігіңіз қалай өтті?

- Жүктілік процесі туралы жеке айтқым келеді. Менің жағдайымда, ол «кеш жүктілік» сипаты болды. Жүктіліктің ағымы өте оңай және қолайлы өтті. Мен, жүктіліктің соңғы мерзімдеріне дейін жұмыста болдым. Бұған жүктіліктің сипаты және ЭКО Орталығында менің қатысуыммен жүргізілетін бағдарламалар мен біздің емделушілердің алдындағы жауапкершілік ықпалын тигізді. Барлық қызметкерлердің сезімтал қатынасы және жұмысқа деген махаббат, менің жүктілігіме және баланың қалыптасуына жақсы әсер еткенін түсінемін. Бала сау, мерзімде дүниеге келді. Ол менің ана болу үмітімді толық ақтады және маған көп қуаныш пен бақыт береді. Осылайша, менің жағдайымда ана болу және өз мамандығымда бақытты үйлесімдік болды.

- Иә, жұмысың зор қанағат әкелгенде бұл адам өмірдегі үлкен олжа. Өз мамандығыңызға қалай келгеніңізді айтып беріңізші? Эмбриолог болмай тұрып Сіз кім болып істедіңіз?

- Мұндай жағдайларда, әдетте, стандартты жауапты сақтау қажет: «бұл менің қызғылт балалық арманым болды» деген. Жоқ, бұл менің балалық арманым емес және болуы мүмкін емес. Өйткені, ЭКО-ның клиникалық әдістері болмады. Алайда, ақиқат үшін менің балалық қалауым, соңында мені мамандығыма алып келгенін айту керек. Мен науқас адамдарға көмектесуді, дәрігер болуды армандадым. Ол мені Алматы медицина колледжіне алып келді, мен үздік дипломмен аяқтадым. Содан кейін, бірінші дәрігерлік тәжірибе қалалық клиникада басталды, кейіннен мені ИРМ-ге алып келді. Ең маңызды фактор бұл ИРМ үлкен кәсіби перспективалары бар ең озық клиника болып табылады

деген менің аға тәлімгерімнің ұсынысы болды. Көріп отырғандарыңыздай, бұл болжамдар бүгінге толығымен ақталды, мен барлық өзімнің кәсіби амбицияларымды жүзеге асырдым. Мен жоғары кәсіби ортада жұмыс істеймін, жетекші шетелдік ғалымдармен және әріптестермен кәсіби қарым-қатынастамын, үнемі халықаралық кездесулер мен форумдарға қатысамын. Бұл мен үшін өте құнды болып табылады. Әзірге дейін мен оған өте ризамын. Мен біздің орталықта ұзақ уақыт жұмыс істеп келемін, құрылған кезінен бастап. Сол кезде, біздің орталық Қазақстанда экстракорпоральды ұрықтандыру саласында пионер болды, ол еліміздегі алғашқы және жалғыз ЭКО орталығы болды. ЭКО әдісінің жаңалығын ескере отырып, ол кезде көп адамдар осындай медициналық қызметтер бар екенін білмеген, клиника және оның тәжірибесі туралы айтпағанда. Мен біздің Орталықта эмбриология бөлімінің мейірбикесі болып жұмыс істей бастадым. Бірінші күннен бастап жұмысым үлкен қызығушылық тудырды. Шамасы, бұл менің негізгі біліміме және менің кәсіби мүдделеріме толық сәйкес болып табылды. Мен күнделікті міндеттерімді зор қуанышпен қабылдадым, олардың ішіне: УДЗ жазбаларын жүргізу, фолликулярлы сұйықтықтармен және эмбриондармен жұмыс істеу кірді. Осының бәрі эмбриологтармен және репродуктологтармен тікелей байланыста жүргізілді. Біздің зертхананың сенімді және жинақы штаты маған қысқа мерзімде қосымша кәсіби дағдыларды үйренуге мүмкіндік берді. Аға әріптестердің тиімді тәлімгерлік режимінде немесе «өндірістен босамай» мен шәует есептеуді және олардың морфологиясын бағалау әдістемесін игердім. Жаңа қызметтегі жаңа зертхана және алғашқы жетістіктер біздің кәсіби ынтамызды дәлелдеді. Біз емделушілердің әрбір оң тестіне шын жүректен қуандық, ол кезде олар аз болатын. Әрбір жүктілік біз үшін үлкен мереке болды. Әлі күнге дейін алғашқы нәтижелер мен біздің алғашқы сәбилер анық есімізде. Мысалы, көп жылдар өтсе де, біздің алғашқы егіздердің және үшемдердің аттары мен тектері барлық зертхана және барлық ЭКО орталығының есінде. Мен біздің ЭКО бағдарламасы бойынша дүниеге келген нәрестенің көздерін бірінші рет көргенім әлі есімде. Мен үшін ол ұзақ уақыт әсер болды. Мен шынында жаңа адам туылуының керемет әсерін сезіндім. Осы ізгі менің мамандығым, және мен сапалы меңгеруге тиістімін деген нақты шешім қабылдадым. Алайда, оны іске асыру үшін шешім жолы әдетте үлкен. Бұл тікелей маған әсер етті. Эмбриолог болу – деген шешімімді жүзеге асыру жоспарын әзірлеу өзекті болды. Неден бастау керек? ЭКО орталығындағы менің аға әріптестерімнің кеңестері маған мамандық жолын оңтайландыруға көмектесті. Олардың кеңесіне сүйене отырып, биология саласында жоғары білім алу үшін мен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түстім.

Таңдау шынайы және дұрыс болып шықты, оқу процесі мен үшін қызықты және көңілді болды. Нәтижесінде, университетті мен үздік дипломмен бітірдім. Бірақ мен бүкіл оқу кезеңі ішінде, шәуетті зерттейтін зертханада лаборант-дәрігер болып жұмыс істедім. Жұмыс өте қызықты болды, өйткені менің зерттеу қажеттілігімді қанағаттандыруға мүмкіндік берді, олар университеттегі білім беру мақсаттарына сәйкес келді. Екінші жағынан, сперматогенез және шәует зерттеулер ЭКО қолданбалы ғылым бөлімдерінде көрсетілген, «ЭКО-ға қатысты барлық бөлімдерді зерттеу, өту үшін» принципін жүзеге асыру ретінде қабылдадым. Кейіннен мен осы қағиданы қатаң ұстандым, шамасы менің кәсібилігімнің қалыптасуына әсерін тигізген сияқты, яғни эмбриолог жолында ЭКО-ның клиникалық практикасының барлық бөлімдерін, барлық сатыларын өттім, барлық кезеңдердегі өз жұмысымның спецификасын білемін.

- Сіздің ойыңызша, эмбриологтың жұмысының басты ерекшелігі неде?

- Қазір «жасанды ұрықтандыру» және «ЭКО» терминдері мен процесі кең таралып барлығы пайдалатынына қарамастан, мен үшін олар ғажайыптың мәртебесін сақтайды. Бұл менің күнделікті жұмысымда менің кәсіби қуанышымның негізі болып табылады. Өз мамандығымды өзіме қолдану мен үшін қандай бақыт болды, балаңыздың қылықтарын және ана болуды сезіну қуанышын сөзбен айтып жеткізу қиын. Бұл одан әрі менің мамандығыма және жұмысыма деген сенім мен құрметті нығайтады, мен ЭКО орталығының емделушілері үшін бәрін жасауға тырысамын. Өте орынды цитата: ЖАҚСЫ КӨРЕТІН НӘРСЕНІ ІСТЕУ – БҰЛ ЕРКІНДІК! ІСТЕГЕН НӘРСЕНІ ЖАҚСЫ КӨРУ – БҰЛ БАҚЫТ!

- Жұмысыңыздың қайсы кезеңі көбірек ұнайды? Мысалы, шәуетті әлі ұстап, қимылсыздандыру керек. Оның барлығы оңай емес, түсінікті. Бірақ олар, сондай көп! Миллионның арасынан қолайлы «жігіттерді» қалай таңдауға болады? Және, әрине, жұмыртқаклеткалармен нюанстар көп шығар?

- Мен өзімнің жұмысымның қайсы кезеңі көбірек ұнайтынын сеніммен айта алмаймын. Біздің жұмысымызда әр кезең жұмыртқаклетканы алған сәттен бастап ананың жатыр қуысына тасымалдау үшін катетер ішіне эмбрионды алғанға дейін қызықты, бірегей және жауапты. Мен әрбір эмбриолог менімен келісетініне күмәнім жоқ. Өйткені, сіз ұрықтың одан әрі дамуына қатысатыныызды білесіз. ИКСИ бағдарламасында ұрықтандыру үшін шәуетті таңдаған кезде (ооцит ішіне шәуеттің интрацитоплазматикалық инъекциясы) нормативтік өлшемдерге сәйкес, үздігін таңдауға тырысасыз. Әлбетте, ең



шешуші бәлкім, ұрықтандыру сапасын бағалау кезеңі. Бұл жерде жұмыртқаклетканы таңдау маңызды болып табылады, аномальды ұрықтанған жұмыртқаклеткалары одан әрі өсіруден алып тастау керек. Өсіру кезеңі ең қызықты болып табылады, өйткені Сіз тікелей эмбрионның дамып келе жатқанын көресіз. Әсіресе ол қиын бағдарлама болғанда өте қызықты, мысалы микротезе бағдарламасындағы ИКСИ. Бұл жағдайда әрбір эмбрион құнды екенін әрдайым есте сақтау керек.

- Көктемгі мерекелер қарсаңында, IPRM-ның емделушілеріне, әйелдерге деген Сіздің тілегіңіз.

- Білесіздерме, мен емделуші ретінде басқа емделуші әйелдермен палатада жатқанда, олардың әңгімелерін тыңдайтынмын, әйелдердің қорқыныштары мен қобалжулары әрдайым бірдей болды. Маған сол кезде олардың әңгімелеріне араласуға ыңғайсыз болды, ал қазір, осы мүмкіндікті пайдаланып, кейбір күдіктерді жойғым келеді:

- Шәует немесе эмбриондарды ауыстырып алмайма деген жиі кездесетін күмәндар.

Бүкіл әлем бойынша ЭКО-ның ең көп клиникалық практикасы тұқым, эмбриологиялық материалдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мол тәжірибе жинақтады. Бұл бүгінгі таңда бүкіл әлемде қолданылатын өте озық клиникалық әдістерді құруға мүмкіндік берді. Бірінші кезекте, бұл жай ғана бастапқы материалды таңбалау. Барлық кеселерде - және қақпақтарын да және астыңғы жағында емделушінің тегі жазылған. Шәуетпен және эмбриондармен жасалатын әрбір манипуляция қос бақылауымен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта, ата-ананы анықтау үшін әдістер бар. Әр эмбриолог әр жұмысының сатысына жауапты екенін біледі, және қолын қояды. Сондай-ақ ең маңыздысы, эмбриологиялық ма-

териалдарды есепке алу бүкіл процесі автоматтандырылған және қазіргі заманғы компьютерлік жүйе арқылы қадағаланады.

- Біздің қалған эмбриондарымызды сатып жібереді.

- Эмбрионға бағасы бар бағдарлама жоқ. Емделушілердің эмбриондары тек емделушілердің өздеріне керек. Фертильді бұзылыстары бар адамдарға IPRM шеңберінде арнайы донорлық шәует және ооцит банкі құрылған. Күші бар нормативтер мен ережелерге сәйкес құрылған, және сақталған материалдың сапасына барлық қажетті кепілдікті береді.

- Егер бірінші әрекет болса, онда міндетті түрде сәтсіз болады, екінші бағдарламаға алу үшін.

Әрбір ЭКО орталығы және әрбір репродуктолог жоғары нәтиже болуына талпынады. Ай сайын әр репродуктологтың және жалпы орталықтың нәтижелігі есептелінеді, яғни репродуктологтың өндірістік көрсеткіші - жүргізілген ұрықтандыру бағдарламаларының нәтижесі болып табылады. Солар арқылы, және соңында, оның ынталандыруы сияқты біліктілігін бағалау да анықталады. Осындай жеке көрсеткіштерден ЭКО-клиниканың жалпы көрсеткіші қалыптасады, ол клиниканың нақты рейтингі болып табылады. Сондықтан, штат сияқты клиникада салалық рейтингін жақсарту үшін ұрықтандырудың нәтижесі жоғары болуына мүдделі.

Барлық әйелдерді көктеммен құтықтағым келеді, ана болуды жүзеге асырудағы үміт пен сеніміңізді жоғалтпаңыздар. Әрбір әйел әлемдегі ең нәзік – АНА деген сөзді естін!

- Қызықты әңгімеңізге рахмет!



ИРМ

ШЫН КӨҢІЛДЕН ЖӘНЕ ШЫН ЖҮРЕКТЕН

Біздің жайлы және жылы виртуалды үйге 11 жыл болды! Осы жылдар бойы ол көпті бастан өткізді, және қалай болсада да форумның көптеген қатысушыларының өмірін өзгертті - достар табуға көмектесті, қиын шақтарда қолдау болды, пайдалы кеңестер және креатив көзі болды, қолдайтын, тынышталдыратын, иығыңнан қағатын, басыңнан сипайтын, жүкті болып түшкіретін, емдік тепкі немесе керемет тәпшіке жазып беретін орын болды. Және, тек осы форумда осының барлығы шын мәнінде жұмыс істейді, неліктен? Себебі шын көңілден және шын жүректен.

Үлкен қуанышпен форумның қатысушыларын осы іс-шарамен құттықтаймыз, және форум модераторы Женевадан Сіздің назарыңызға 11 туған күнді тойлаудан шағын репортажды ұсынамыз.

- Ең алдымен irm.kz сайтына және оның тамаша форумына алғысымды білдіргім келеді!

Үш жыл бұрын, форумшылармен менің бірінші кездесуім өтті. Ол кезде мен форумда сұхбаттасуды жаңадан бастаған едім. Енді ғана тіркелгендерге көп нәрселер түсініксіз болды, бірақ ақырындап «форумның» өміріне кіре бастадым. Өзіме қажетті ақпараттарды іздедім, қызықтыратын сұрақтарды қойдым, және, әрине, оларға жауап алдым. Кездесу өте шынайы өтті, содан бері, біздің қарым қатынасымыз тіпті жақын бола бастады, жақсы дос болып кеттік!



Ал бұл жерде біз сұрақтарымызды қойдық, оларға жауап алдық, сондай-ақ барлығы артта қалып ЭКО-ның барлық осы жолын өткендер де қызығып тыңдады.

Олар дәрігерлердің өмірінен алынған хикаяларға шын көңілден күлді! Уақыттарын бізге бөлгендері үшін дәрігерлерге үлкен рахмет !!!

ЭКО орталығы өздерінің емделушілеріне тосын сый дайындады! Осы жылы бағдарламаға баруды

жоспарлап отырған өзінің белсенді форумшыларына ИРМ жыл бойы қолдана алатын жеңілдігі бар сертификаттар табыс етті! Бізді ұмытпастан қолдау көрсеткендері үшін өте қуаныштымыз!

Міне біз қайтадан достық компаниямызбен біздің ортақ форумның туған күнін тойлауға жиналдық !!!

Кездесу, әдеттегідей, керемет болды! Барлығы жоғары деңгейде өтті! Барлығының көңіл-күйі өте жақсы болды! Әрине, біз оны ұзақ уақыт күтіп дайындалдық!

- Әрине, өздерінің қатысуымен біздің кешті қызықты қылған сүйікті және құрметті дәрігерлер - Полумисков Вадим Евгеньевич, Бадельбаева Людмила Аркадьевна және Тумарбеков Махмет Канышевич. Уақыт әдетте қатаң шектелген, аурухана кабинетінен тыс дәрігерлермен сөйлесіп, біздің кездесуде оларды көргенімізге өте қуаныштымыз.



Дәстүр бойынша, мереке соңында, біздің сүйікті орталығымыздан дәмді торт қуантты!!!

Бұл кездесуге жаңа қыздардың көп келгені қуантады, олардың барлығына бір арманы - ана болу! Сондықтан, бұл мүмкіндігінше тезірек орындалсын!!!

Барлықтарыңызға зор денсаулық тілеймін! Біздің бүлдіршіндерге жаңа білугер мен күн сайын қуаныш тілеймін!!!

Құрметпен,
Сіздің Женева.